

"Химфарм" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 29 ақпандағы N 259

"Химфарм" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру, кәсіпорындарды басқарудың нарықтық нысандары мен әдістерін пайдалану, бюджет қаражатының шығын болуын жою, шетел инвестицияларының тұрақтылығын қамтамасыз ету және жаңа медициналық препараттарды игеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Donnadale Limited" фирмасын басқару құқығына арналған тендер жеңімпазын жариялау және оны Шымкент қаласындағы "Химфарм" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін басқаруға беру туралы кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі нәтижесін өндайландыру мақсатындағы 1996 жылғы 27 ақпандағы конкурс комиссиясының хаттамасы бекітілсін.

"Химфарм" акционерлік қоғамының басқармасы осы қаулы қабылданған сәттен бастап "Donnatale Limited" фирмасының жазбаша келісімінсіз өнім сатуға шарт жасауды тоқтатсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Donnatale Limited" фирмасымен "Химфарм" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін басқару туралы шарт жасау тапсырылсын, онда миналар:

тараптардың міндеттемесі мен кепілдігі (осы қаулыны қабылдағанға дейін жасасылған мәмілелерді реттеуді ескере отырып);

"Donnatale Limited" фирмасының кәсіпорын қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету туралы міндеттемені орындалмаған жағдайда шартты біртараптан бұзу мүмкіндігі;

кәсіпорын акцияларын бірінші кезекте сатып алуға ол жекешелендірілген жағдайда фирма басқармаларының құқығы;

басқару туралы келісім шарттарының орындалуына пәрменді бақылау жасауды қамтамасыз ету жүйесі;

басқа да қажетті шарттар көзделсін.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасына аталған шартқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қою өкілеттігі берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі "Химфарм" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін басқару туралы келісім шарттарының орындалуына бақылау жасау жөніндегі Қазақстан Республикасының өкілі болып тағайындалсын және оған осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік органдар

қызметін үйлестіру жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі он құн мерзім ішінде осы қаулыға қайшы келетін үкімет шешімдерінің күшін жою жөнінде ұсыныстар өзірлесін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК